

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты Кусман Каримович Шалабаевтың «6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабақтастығы» атты ғылыми диссертациясына

ШІКІР:

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. «Зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, діннің мемлекет саясатына араласпайтынын білдіреді. Яғни зайырлылық – дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол – мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Зайырлы мемлекет пен қоғам бұл – біздің тарихи таңдауымыз. Зайырлы атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз бұл – озық, толерантты, ашық қоғам. Біз дәстүрлі діндерге қолдау көрсетіп, кез келген экстремизм түрін үзілді-кесілді мойындамаймыз» деп атап көрсеткен болатын. Дегенмен зайырлылықтың әлемде қалыптасқан өзіндік бірқатар үлгілері бар. Қазақстан да алдағы уақытта зайырлылықтың өзіне тән үлгісін анықтап, нақтылай түсері сөзсіз. Зайырлы мемлекеттегі дін, дін мен дәстүр сабақтастығы тақырыбын таңдап алу Қазақстанда қалыптасқан діни ахуалмен тікелей қатысты болып отыр. Бүгінде республикамызда 18 діни конфессия ресми тіркеліп жұмыс жүргізуде. Қазақ топырағына жат діни ағымдар арасында қазақ халқының байырғы мәдениеті мен салт дәстүрін теріс деп қабылдамай, талас тартыс тудырып жүргендері де жоқ емес. Шын мәнісінде дін мен дәстүр бір біріне қайшы ма? Дін дәстүрге қаншалықты маңыз береді? Дін мен дәстүрді қарсы қойып жүргендер кімдер және қандай негізді алға тартады? Осы секілді қазіргі қоғам үшін діни салада маңызды болып отырған бірқатар мәселелер осы ғылыми жұмыста кең қарастырылған.

Шалабаев Кусман Каримович «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабақтастығы» атты ғылыми диссертациясында зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүрдің сабақтастығын кең талдаған. Алғашқы тарауларында зайырлы ұғымын, қалыптасуы мен түрлеріне тоқталған. Батыстық негіздерін аша келе ол зайырлықтың Қазақстандық үлгісін талдайды. Дін дегенде дәстүрлі ислам діні туралы сөз етілетіні ғылыми жұмыстың кіріспесінде ескертілген. Зайырлы жүйе, ислам діні, қазақ мәдениеті, салт, дәстүр, әдет, ғұрып, кері ағымдар ұғымдар осы ғылыми жұмыстың мәнін ашады. Еңбек зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабақтастығын ашуда нақты дәлелдер мен дәйектерге негізделген, шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері молынан қолданылған.

Диссертациялық жұмыс алынған нәтижелердің ішкі бірлестігімен сипатталады. Диссертациялық жұмыстың әдеби шолуы, зерттеулер


нәтижелері бөлімдерінің арасында байланыс бар. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне толығымен сәйкес келеді және алынған нәтижелер жоғары сенімділікпен сипатталған.

Шалабаев Кусман диссертациялық жұмысын орындау барысында еңбекқорлығын, жауапкершігін және алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылысын, ұқыптылығын көрсетті. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері докторанттың мақсатқа сәйкес қойылған міндеттерді шешкеніне көз жеткізуге болады.

Диссертация мәтінінде орфографиялық қателер кездеседі, бірақ бұл аталған кемшілік ғылыми жұмыстың мазмұнына кері әсерін тигізбейді.

Шалабаев Кусманның «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабақтастығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын жоғары бағалай отырып, оның PhD докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға жауап береді деп есептеймін және 6D020600 – «Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қорғауға жіберуге ұсынамын.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы,
Аға оқытушы, PhD**

 **Багашаров К.С.**

